

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 5 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Қ.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі - Президент Әкімшілігі Мемлекеттік-құқық басқармасының бөлім меңгерушісі М.А.Пақырдіновтің,
Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Е.Ж.Жұмабаев пен Ж.Н.Әбдиевтің,
республика Орталық сайлау комиссиясының хатшысы В.К.Фоостың,
Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Б.К.Байқадамовтың

республика Жоғарғы Сотының судьясы Л.Г.Полторабатьконың,
республика Бас прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың,
республика бірінші Әділет вице-министрі И.Д.Меркельдің,
Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөніндегі ұсыныстарды талдап жасайтын тұрақты кеңестің өкілі П.В.Своиктің қатысуымен,
өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы өтінішін қ а р а д ы .

Конституциялық іс жүргізу материалдарын және сарапшылардың - Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының директоры Е.А.Жовтистің және "Қазақстандағы Интерлигал" саяси-құқықтық зерттеулер қоғамдық қорының президенті С.М.Золотниковтың қорытындыларын зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовты, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық

занды республика Парламенті 2004 жылғы 15 наурызда қабылдап, 2004 жылғы 24 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына берген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті, жоғарыда аталған Конституциялық заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау тұрғысында Конституциялық Кеңеске өтініш е н г і з г е н .

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңды Конституцияға сәйкестігі тұрғысында қарай отырып, Кеңес оның тұтастай және ж е к е л е п а л ғ а н д а :

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның, тіркелу уақытына қарай өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандық белгісі бойынша азаматтың сайлануға құқығын шектеуді белгілейтін, 4-бабының 4-тармағын жазу туралы 1-бабы 1) тармақшасының;

Конституциялық заңның 10-бабының жаңа редакциясындағы аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрылу принциптерін өзгерту туралы 1-бабы 4) тармақшасының;

"Электрондық сайлау жүйесінің" анықтамасы мен мақсаты (50-1-бап) және электрондық сайлау жүйесіне қызмет көрсету жөніндегі маманның дауыс беруге арналған үй-жайда бола алатыны (50-3-баптың 2-тармағы) бөлігінде Конституциялық заңды 9-1-тараумен толықтыру туралы 1-бабы 39) тармақшасының;

Конституциялық Кеңестің, Қазақстан Республикасының Конституциясынан келіп туындайтын, сайлау құқығы мәселелері бойынша нормативтік қаулыларында тұжырымдалған құқықтық позицияларын заң шығарушы ескеруінің;

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заңды Қазақстан Республикасы Парламентінің қабылдау тәртібінің конституциялылығын талдап шықты.

1. Конституцияның 33-бабы 2 және 3-тармақтарда Қазақстан Республикасының сайлау құқығының бастауларын бекітеді.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығын Конституцияның 33-бабының 2-тармағы Қазақстан Республикасының азаматтығына ғ а н а б е р е д і .

Негізгі Заңның 33-бабының 3-тармағында, республика азаматтарының ішінен кімнің және қандай себептермен сайлау корпусының құрамынан шығарылатыны, яғни,

белсенді де, бәсең де сайлау құқық субъектілігіне ие бола алмайтыны және сайлауда қатыспайтыны айтылған. "Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың, - делінген " Конституцияның 33-бабының 3-тармағында, - сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ".

Бұл конституциялық нормада белсенді сайлау құқығы (сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы) және бәсең сайлау құқығы (сайлану құқығы), сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар бастапқыдан-ақ оған ие бола алмайтын және сондықтан да Конституция бойынша ие емес құқықтық бірлік күйінде алынған. Азаматтардың субъективтік сайлау құқықтарының жекелеп алғанда шектелуіне жол берілмейтіндігі туралы Конституцияның 33-бабының 3-тармағында айтылмайды.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдап, оған Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 15 қарашада қосылған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 25-бабы дауыс беру құқығын және сайлану құқығын негізсіз-шектеуге тыйым салады. Пакт, мұндай шаралар мемлекеттердің халықаралық құқық бойынша өзге міндеттемелерімен сыйыспайтын болып табылмайтын және нәсілдік, реңдік, жыныстық, тілдік, діни және әлеуметтік шығу тегінің белгілері негізінде кемсітуге алып келмейтін болса, азаматтық және саяси құқықтардың, соның ішінде сайлау құқығының, негізделіп шектелуін жоққа шығармайды (Пактінің 4 және 5 - б а п т а р ы) .

БҰҰ-ның 2003 жылғы 31 қазандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы қатысушы мемлекеттердің, өздерінің құқықтық жүйесінің конституциялық принциптеріне жауап беретін шамада, жария лауазымдарға, соның ішінде заң шығарушы органдарда, орналасу құқығын айырудың рәсімін белгілеуін көздейді (Конвенцияның 30-бабының 2 және 7-тармақтары).

Қазақстан Республикасы, Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарын танып және оларға кепілдік бере отырып (12-баптың 1-тармағы), азаматтар құқықтарының негізделіп шектелуіне жол береді. Олар "конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін" (39-баптың 1-тармағы).

Конституциялық заңның, Қазақстан Республикасының Президенттігіне, өкілді органдардың депутаттығына кандидат ретінде "тіркелу уақытына қарай сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам тіркеуге жатпайды" деген ережесі Конституцияның 39-бабының 1-тармағында аталған мақсатқа жауап береді және қандай да болсын белгі бойынша кемсітушілік сипатқа ие емес. Конституциялық заңның бұл ережесі кез келген деңгейдегі өкілді органға немесе Президент қызметіне сайлауда дауысқа түсуге ниет білдірген республиканың барлық

азаматына тең түрде таралады.

Сайлаушылардың қалған көпшілігіне қарағанда, бәсең сайлау құқығын жүзеге асыратын ел азаматтарына Конституцияның қоятын талабы анағұрлым жоғары, өйткені оларға заң шығарушылық пен мемлекеттік шешімдердің жүгін арқалауға тура келеді. Тіркелу уақытына қарай кандидаттың өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығы болмауы туралы Конституциялық заңның нормасы, әркімнің бірінші конституциялық міндетінен - Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтаудан, басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуден келіп шығады (Конституцияның 34-бабының 1-тармағы). Сотталғандықтың заңмен белгіленген тәртіппен алып тасталуы немесе өтелуі, азаматтың сайлануға құқығын іске асыруына кедергі келтірмеуі керек.

Конституциялық Кеңес, азаматтардың бәсең сайлау құқықсубъектілігін жүзеге асыруына қойылатын Конституциялық заңның жоғары талаптары конституциялық құндылықтарды қорғауға бағытталған деп есептейді, бұл құндылықтардың мүддесін көздей отырып, негізгі Заң азаматтардың құқықтарын шектеуге жол береді. Кеңес бұл талаптарды негізделген деп таниды. Адамның және азаматтың ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс құқықтары мен бостандықтары туралы баптардың толық тізбесіне Конституцияның 39-бабының 3-тармағы азаматтардың сайлау құқығын жатқызбайды. Конституциялық заңның республика азаматтарының бәсең сайлау құқықсубъектілігіне қоятын талаптары олардың Конституция бойынша жалпыға бірдей белсенді құқығын шектемейді.

2. Конституциялық заңның 1-бабының 4) тармақшасына сай аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларын, әрбірі сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы саяси партиялардың ұсыныстары негізінде сайлау, мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің "заңсыз араласуына" және қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге тыйым салатын Конституцияның 5-бабының 2-тармағында қайшы келмейді. Бұл қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне сайлау комиссияларының жұмысына қатысуына Конституциялық заң нұсқама береді (10-баптың жаңа редакциясының 3-тармағы).

Конституциялық заңның бұл ережесі Конституцияның демократиялық принциптері мен рухына сәйкес келеді, республика азаматтарының тікелей де, өз өкілдері арқылы да мемлекет ісін басқаруға қатысуға құқығы туралы Конституцияның 33-бабының 1-тармағын іске асыруға септігін тигізетін болады.

3. Конституция республикада Қазақстан Республикасының Президентін (41-баптың 1-тармағы), Қазақстан республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын (51-баптың 1-тармағы) және мәслихат депутаттарын (86-баптың 2-тармағы) сайлау үшін жасырын дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығын бекітеді.

Елде Конституцияға сәйкес, бара-бар сайлау жүйесінің элементтерімен толықтырыла отырып, мажоритарлық сайлау жүйесінің варианттары қолданылады.

Түрлі елдердің сайлау туралы заңнамасында сайлау жүйесі дегенде сайлау өткізу тәртібін және сайлау қорытындыларын анықтау тәсілін түсінеміз.

Конституциялық Кеңес, Конституциялық заңның тиісті нормаларымен белгіленіп отырған мағынасы мен мақсатына қарай "электрондық сайлау жүйесін", сайлау өткізудің және оның қорытындыларын шығарудың Конституция нормаларында негізі салынған сайлау жүйелері белгілейтін түрлеріне қарағанда, дербес бір сайлау жүйесін немесе сайлау өткізудің және оның қорытындыларын шығарудың басқа бір түрін енгізу деп түсінбеген жөн екенін атап көрсетеді. Келешекте мүмкін болғандықтан енгізіліп отырған "электрондық сайлау жүйесінің" қосалқы ақпараттық-технологиялық мақсаты, оған Конституциялық заңмен қойылатын: Конституция мен қаралып отырған Конституциялық заң нормаларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптармен расталады (жаңа 90-2-баптың 1-тармағы).

Сайлаушылардың электрондық дауыс беру арқылы дауыс беру тәсілі, дауыс берушіден басқа, өзге адамдардың болуына тыйым салынатын кабинада жасырын дауыс беру міндеттілігінің күшін жоймайды. Демек, электрондық сайлау жүйесін пайдаланып дауыс беруге арналған үй-жайда маманның бола алатыны туралы жаңа 50-3-баптың 2-тармағын қолдану, сайлаушы жасырын дауыс беруге арналған кабинада тікелей дауыс берген сәтке дейін осы системаға техникалық қызмет көрсету үшін ғана заңды болып табылады. Сайлаушылардың ерік білдіруін бақылауға Конституция б о й ы н ш а ж о л б е р і л м е й д і .

"Электрондық сайлау жүйесін" пайдаланып дауыс берудің қорытындыларына, дауыс берудің әдеттегі тәсілдері сияқты, жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға болады (Конституциялық заңның 50-8 жаңа бабы).

4. Конституциялық Кеңестің "Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы" 2001 жылғы 17 мамырдағы N 7/2 және "Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсанындағы N 19/2 қаулыларында құқықтық позициялар негізделді, бұл қаулыларға сай, саяси партиялар осы партиялардың мүшелері табылмайтын болып адамдарды Мәжіліс депутаты болып сайлану үшін партиялық тізімдерге қосуға хақылы емес; және партиялық тізім негізінде сайланған Парламент депутатының осы партиядағы мүшелігінің тоқтатылуы, депутаттық өкілеттікті жоғалтуға негіз болып табылады.

Кеңестің бұл қаулыларында "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның нормаларын Конституция нормаларына сәйкестендіру қажет екендігіне назар аударылған болатын. Оның 87-бабы 2-тармағының жаңа редакциясында және жаңа 97-1-бабының 5-тармағында Конституциялық Кеңес қаулыларының жоғарыда аталған құқықтық ережелері толығымен ескеріледі.

Сәйкестігі тұрғысында тексеріліп жатқан Конституциялық заңның 1-бабының 100)

тармақшасында, Конституциялық Кеңестің "Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 5-тармағын, 51-бабының 5-тармағын, 52-бабының 4 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы" 2003 жылғы 11 ақпандағы N 1 қаулысында Парламентке кезектен тыс сайлау өткізген кезде Сенаттың жаңа сайланымы депутаттарын сайлау бөлігінде тұжырымдалған құқықтық позициясы өз көрінісін тапты (129-баптың жаңа редакциясының 2 және 3-тармақтары). Сол арқылы сайлау туралы конституциялық заңнамадағы кемшіліктің орны толтырылды.

Конституциялық Кеңестің "Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы" 2004 жылғы 12 ақпандағы N 1 қаулысы, бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтеріндегі сайлаушылар санының айырмашылығы мейлінше аз болуға тиіс деп түсіндірді. Кеңестің бұл құқықтық позициясын қабылдап алып, Конституциялық заң 1-баптың 15) тармақшасында түрлі сайлау округтеріндегі сайлаушылар санының жол берілетін ауытқуының нақты шегін "жиырма бес проценттен" "он бес процентке" дейін төмендетті (21-баптың жаңа редакциясының 2-тармағы), бұл тең сайлау құқығы тең сайлау құқығы туралы конституциялық принципті қамтамасыз етуге қызмет істейді.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, тұтас алғанда Парламенттің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуі сайлаудың барлық сатысында жариялылықты кеңейтіп, сайлау процесіндегі қаржылық ашықтықты және баламалылықтың құқықтық кепілдігін белгілейді. Конституциялық заңда сайлау комиссиялары құрамының сандық параметрлерін, кандидаттардың сенім білдірген адамдары мен байқаушылар санын, жиналатын қолдардың санын, сайлау қорларының мөлшерін және басқа да өлшемдерді белгілеу Парламенттің заң шығарушылық қарауы аясында жатады.

5. Конституция Парламенттің заң актілерін қабылдауының тәртібі мен рәсімін к ө з д е й д і .

Тексеріліп жатқан Конституциялық заң Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында үш оқылым өткізу барысында әр палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінен көпшілігі "жақтап" дауыс беруі мен қабылданған болатын.

Конституциялық заңның реттеу нысаны, Конституцияның 61-бабының 3-тармағымен Парламентке берілген, аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығару жөніндегі төтенше құзыр шеңберіне жауап береді. Конституцияның 41-бабының 1-тармағына және 51-бабының 5-тармағына сәйкес, елдің Президенті мен Парламенті депутаттарын сайлау тәртібін айқындау Конституциялық заң түріндегі заңнамалық акті арқылы жүзеге асырылады.

Конституцияның 45-бабының 3-тармағына және Конституциялық Кеңестің " Республика Президентінің Парламент актілеріне қол қояр алдында оларға өз қолдарын қоюға міндетті лауазымды адамдар тобы бөлігіндегі Қазақстан Республикасы

Конституциясының 45-бабының 3-тармағын және 44-бабының 2-тармақшасын ресми түсіндіру туралы" 1997 жылғы 29 мамырдағы N 13 қаулысына сай, бұл Конституциялық заңға, осы актінің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Республика Парламенті Сенаты мен Мәжілісі Төрағаларының қолдары қойылып т и я н а қ т а л ғ а н .

Осылайша, Конституциялық Кеңес, Парламент 2004 жылғы 15 наурызда қабылдап, 2004 жылғы 24 наурызда Республика Президентінің қол қоюына берген, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормалары мазмұны жағынан да, қабылдану рәсімі жағынан да Конституцияға қайшы келмейді, деп есептейді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 н о р м а т и в т і к қ а у л ы с ы м е н .

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 және 37-баптарын, 38-бабының 1) тармақшасын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ñ е с і н і ң*

Төрағасы